

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ақсу қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2016 жылғы 08 шілдедегі № 38/5 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 05 тамызда № 5193 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2019 жылғы 15 мамырдағы № 313/42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 15.05.2019 № 313/42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, Ақсу қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспеге қазақ тілінде өзгеріс енгізілді, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 09.08.2017 № 132/16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ақсу қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

A. Оразалин

M. Омарғалиев

Ақсу қаласы мәслихатының
2016 жылғы 8 шілдедегі
№ 38/5 шешімімен
бекітілген

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ақсу қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 09.08.2017 № 132/16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және езін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар) № 504 қаулысына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен үғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Ақсу қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Павлодар облысындағы статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) орталық атқарушы орган – халықтың жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

7) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілетті орган – "Ақсу қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

9) уәкілетті ұйым - "Азаматтарға арналған Үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамның Павлодар облысы бойынша филиалының әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша Ақсу қалалық бөлімі ;

10) участелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Ақсу қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

Ескерту. 2-тармақта өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 15.08.2018 № 232/31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Осы Қағидаларда әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта бір рет) көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі:

1) 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;

2) 9 мамыр – Женіс күні;

3) 1 қазан – Халықаралық қарттар күні;

4) қазанның екінші жексенбісі – Қазақстан Республикасының Мүгедектер күні.

7. Участелік және арнайы комиссиялар өз қызметін Павлодар облысының ЖАО бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

**2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін
айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

8. Элеуметтік көмек Ақсу қаласының аумағында тұрақты тұратын, мынадай санаттағы мұқтаж азаматтарға көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының (бұдан әрі - ҰОС) қатысушылары мен мүгедектеріне;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС қатысушыларға теңестірілген адамдарға, атап айтқанда:

2-1) Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдарына, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетакы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдарға;

2-2) қоршаудағы кезеңде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға;

2-3) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстau орындарының жасы көмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына;

2-4) басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушыларға, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағы (бұдан әрі - КСРО) Ишкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегендеге); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне; бұрынғы КСРО аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуларап жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілеріне; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе закымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге;

2-5) 1986 - 1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі (бұдан әрі – ЧАЭС) апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға;

3) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС мүгедектеріне теңестірілген адамдарға, атап айтқанда:

3-1) бұрынғы КСРО қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттің өтей кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге;

3-2) ЧАЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балаларына;

4) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан соғысқа қатысуышыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына, атап айтқанда:

4-1) бейбіт уақытта әскери қызметтің өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасына;

4-2) қайтыс болған ҰОС мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (куйеулеріне), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысуышылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде закым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (куқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (куйеулеріне);

4-3) ҰОС жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО-ның ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға, сондай-ақ 1988 - 1989 жылдардағы ЧАЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқандарға;

4-4) 1941 жылғы 22 маусым 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және ҰОС жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталмаған адамдарға;

5) зейнеткерлік жасқа толған, зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерінен төмен азаматтарға (тұғаларға), атап айтқанда:

5-1) зейнеткерлік жасқа толған, зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең аз мөлшерінен төмен алатын азаматтарға (тұлғаларға, зейнеткерлерге);

5-2) зейнеткерлік жасқа толған жалғыз басты және жалғыз тұратын азаматтарға (зейнеткерлерге);

5-3) мүгедектер мен қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінде есепте тұрған тұлғаларға;

5-4) 80 жастағы және одан (асқан) көп жасқа толған азаматтарға (зейнеткерлерге);

6) мүгедектерге, атап айтқанда:

6-1) 18 жасқа дейінгі мүгедек-балаларға;

6-2) 1 және 2-топтағы мүгедектерге;

6-3) кәмелетке толмаған балалары бар 3 топтағы мүгедек әйелдерге;

6-4) отбасы құрамында мектепке дейінгі жастағы балалары (баласы) бар мүгедектерге;

6-5) жоғары және орта оқу орындарында сырттай және қашықтықтан оқу түрлерінде оқитын мүгедектерге;

6-6) жүктілік мерзімінде 12 аптаға дейін есепке тұрған жүкті мүгедек-әйелдерге;

6-7) санаторлық-курорттық емделуді қажет ететін 1 топтағы мүгедектерге;

7) аз қамтылған азаматтарға, атап айтқанда;

7-1) жедел және жоспарлы хирургиялық операциядан өткен тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің бір мөлшерінен аспайтын адамдарға;

7-2) жүктілік мерзімде 12 аптаға дейін есепке тұрған, жан басына шаққандағы орташа табысы күн көріс деңгейінен аспайтын аз қамтылған отбасылардағы жүкті әйелдерге;

7-3) отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,5 еселі ара қатынасынан аспайтын, өрт, зіл-зала апаты, жазатайым оқиға, төтенше жағдайлар, өрт салдарынан өмір суруге қарожатсыз қалған өмірлік қыын жағдайға тап болған тұлғаларға, соның ішінде үй тұрмысы құралдары, пәтер заттары және шаруашылық құрылыштары жартылай закымданған кезде;

7-4) отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы табысы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын уәкілетті органның есебінде тұрған жұмыссыз азаматтарға;

7-5) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын аз қамтылған отбасылардың қатарындағы көп балалы аналарға;

7-6) төрт және одан да көп кәмелеттік жасқа толмаған, отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,5 еселі ара қатынасынан аспайтын көпбалалы аз қамтылған отбасыларға;"

8) ағымдағы жылғы жалпы білім беру мектептердің түлектерінің қатарынан мемлекеттік жалпы білім беру грантына түсे алмағандарға және қала әкімі грантымен оқып жатқан студенттерге, атап айтқанда;

8-1) ағымдағы жылғы жалпы білім беру мектептердің түлектерінің қатарынан жан басына шаққандағы табысы ағымдағы жылғы 2 тоқсанның күнкөріс минимумының бір есе мөлшерінен аспайтын отбасының балаларына;

8-2) ағымдағы жылғы жалпы білім беру мектептердің түлектерінің қатарынан жетім – балаларға;

8-3) қала әкімінің гранты бойынша оқып жатқан студенттерге;

9) әлеуметтік маңызы бар мынадай аурулардан зардал шегетін азаматтарға, атап айтқанда:

9-1) қатерлі ісіктер ауруымен ауыратын адамдарға

9-2) туберкулез ауруымен ауыратын адамдарға

9-3) адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы ауруымен ауыраты ауыратын адамдарға;

10) бас бостандығынан айыру мекемелерінен босатылған адамдарға және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 27.02.2018 № 179/22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Уәкілетті орган әлеуметтік көмекті көрсетеді:

1) Атаулы күндер мен мереке күндеріне біржолғы әлеуметтік көмек:

1-1) Женіс күніне орай уәкілетті ұйымның тізімі негізінде 8-тармақтың 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін;

1-2) Халықаралық әйелдер күніне орай уәкілетті органның тізімі негізінде 8-тармақтың 7-5) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін;

1-3) Халықаралық қарттар күніне орай уәкілетті ұйымның және мүгедектер мен қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің тізімдері негізінде 8-тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін;

1-4) Қазақстан Республикасының Мүгедектер күніне орай уәкілетті ұйымның және мүгедектер мен қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің тізімдері негізінде 8-тармақтың 6-1), 6-2), 6-3) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін;

2) Біржолғы әлеуметтік көмек:

2-1) уәкілетті ұйымның тізімі негізінде 8-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін тұрғын үйді жөндеуге 50 (елу) айлық есептік

көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде, азық-түлік жиынтығын сатып алуға 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

2-2) 8-тармақтың 1), 2-4), 2-5), 3), 4-4) тармақшаларында (ЧАЭС апартының зардаптарын жоюға қатысқан адамдар санынан ғана) көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банк операциялары түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар үйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың (мекенжай анықтамасы), автомобиль немесе теміржол көліктерінде пайдаланылған жол билеттерінің, санатын растайтын құжаттың көшірмелері негізінде, Алматы және Астана қалаларының госпитальдарына бару және тұрғылықты жеріне кері қайтуға жолақы шығыстарын өтеуге;

2-3) 8-тармақтың 1), 2-4), 3-1) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар үйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың (мекенжай анықтамасы), санатын растайтын құжаттың көшірмелері негізінде, медициналық мекеменің анықтамасына сәйкес (төлеу туралы түбіртек қосымшамен бірге), тіс протездеуге 8 (сегіз) АЕК-тен аспайтындей;

2-4) 8-тармақтың 5-3) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар үйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың (мекенжай анықтамасы), уәкілетті органның тізімі, санатын растайтын құжаттың көшірмелері негізінде қатты отын сатып алуға 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

2-5) 8-тармақтың 6-6) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар үйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың (мекенжай анықтамасы), көшірмелері, шаруашылық жүргізу құқындағы "Ақсу орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны дәрігерлік-кеңес комиссиясы анықтамасының негізінде 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

2-6) 8-тармақтың 8-1), 8-2) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар үйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың (мекенжай анықтамасы) көшірмелері, білім беру қызметін көрсетуге студенттің, Ақсу қаласы әкімі мен жоғары оқу орны басшысының үш жақты келісім-шарттың негізінде білім беру қызметтерін көрсетуге нақты құнының мөлшерінде;

2-7) 8-тармақтың 9-1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, емханаға тіркелген жері бойынша дәрігерлік-кеңес комиссиясының қортындысы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ауруды растайтын анықтамасы, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың (мекенжай анықтамасы) көшірмелері негізінде 7 (жеті) АЕК мөлшерінде;

2-8) Ақсу қаласында тұратын және амбулаторлық емделіп жатқан, 8-тармақтың 9-2) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, өтініш берген айдан бастап әлеуметтік көмекке құқығы пайда болғанан кейін, шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақсу орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ауруды растайтын анықтамасы, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың (мекенжай анықтамасы), көшірмелері негізінде 7 (жеті) АЕК мөлшерінде;

2-9) 8-тармақтың 9-3) тармақшасында көрсетілген санаттар, "ЖҚТБ-ға қарсы куресу және алдын алу жөніндегі Павлодар облыстық орталығы" мемлекеттік мекемесінің Ақсу бөлімшесімен берілген тізімі негізінде 7 (жеті) АЕК мөлшерінде;

2-10) 8-тармақтың 10) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін Ақсу қаласы Ішкі істер бөлімінің тізімі, оңалтудың және әлеуметтік құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасы, бір жолғы әлеуметтік көмек екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шоты көрсетілген, Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаты (мекенжай анықтамасы), жеке куәлігінің көшірмесі негізінде 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

2-11) 8-тармақтың 6-7) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың (мекенжай анықтамасы) көшірмелері, екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, тиісті медициналық мекемесінің санаторлық-курорттық емделуді қажет ететін 1 топ мүгедектігі туралы анықтамасы, оңалтудың жеке бағдарламасының көшірмесі негізінде (сауықтыруға) 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

2-12) 8-тармақтың 6-7) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін өтініш берушінің және еріп жүретін адамның жеке куәлігінің, Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың (мекенжай анықтамасы), көшірмелері, екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға

тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, тиісті медициналық мекемесінің санаторлық-курорттық емделуді қажет ететін 1 топ мүгедектігі туралы анықтамасы, оналтудың жеке бағдарламасының көшірмесі негізінде (еріп жүретін адамның тұру, тамақтану және жол ақысына) 40 (қырық) АЕК кем емес мөлшерде;

3) Табысты есепке алмағанда тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек:

3-1) 8-тармақтың 2-4), 2-5) тармақшаларында, 3-1), 3-2) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін жеке күелігінің Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың (мекенжай анықтамасы) көшірмесі, санатың растайтын құжаттың көшірмесі, екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші негізінде сауықтыруға 2 (екі) АЕК мөлшерінде.

4) Табысты есепке алмағанда ай сайын әлеуметтік көмек:

4-1) 8-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті органның тізімі негізінде дәрі-дәрмек сатып алуға 1 (бір) АЕК мөлшерінде, жергілікті бюджет есебінен көрсетілетін коммуналдық қызметтер бойынша шығыстарды өтеуге 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

4-2) алып тасталды – Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 27.02.2018 № 179/22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

4-3) Ақсу қаласының селолық округтерінде тұратын 8-тармақтың 9-2) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, өтініш берген айдан бастап әлеуметтік көмекке құқығы пайда болғанан кейін, жеке күелігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың (мекенжай анықтамасы) көшірмелері, шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақсу орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ауруды растайтын анықтамасы (анықтама берілген уақыттан бастап бір ай мерзімінде жарамды) негізінде амбулаторлық ем алып отырған кезге жол ақысы мен тамаққа 6 (алты) АЕК мөлшерінде;

4-4) алып тасталды – Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 27.02.2018 № 179/22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

4-5) 8-тармақтың 6-4) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, жеке күелігінің, баланың туу туралы күелігінің, Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмелері (мекенжай анықтамасы), мектепке дейінгі

мекемесімен шартының көшірмесі, мүгедектік тобын растайтын құжат және өткен айда нақты қатысқан құндерінің төлеу түбіртегі, негізінде балалардың (баланың) балаларға арналған мектеп алды мекемесіне баруды төлеуге белгіленген құны мөлшерінде;

4-6) 8-тармақтың 6-5) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар үйімда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмелері (мекенжай анықтамасы), негізінде "Интернет" желісіне қосылу және оны қолдану үшін нақты құны мөлшерінде, білім беру қызметін көрсетуге, студенттің, жоғары оқу орны басшысының келісім - шарттың, мүгедектігі туралы анықтамасының көшірмесі, "Қазақтелеком" АҚ көрсететін телекоммуникациялық қызметі туралы келісім - шарттың көшірмесі, өткен айда төленген түбіртек көшірмесі;

4-7) 8-тармақтың 8-3) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті органмен берілген тізім негізінде жоғары оқу орындарында оқыған кезеңде тұруына, тамағы мен тұрғылықты жері бойынша жолақысына 20949 (жиырма мың тоғыз жүз қырық тоғыз) теңге мөлшерінде;

5) Табыстарын есепке ала отырып, біржолғы әлеуметтік көмек:

5-1) 8-тармақтың 7-1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін өтініші, жеке куәлігінгінің Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмелері (мекенжай анықтамасы), участекі комиссия берген өтініш берушінің материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу актісі, екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар үйімда жеке шотының нөмірі, шаруашылық жүргізу құқындағы "Ақсу орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны дәрігерлік-кеңес комиссиясының анықтамасы негізінде, жоспарлы өмдеуге жатқызу жолдамасы 10 (он) АЕК мөлшерінде;

5-2) 8-тармақтың 7-2) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін өтініші, жеке куәлігінің, Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмелері (мекенжай анықтамасы), отбасы мүшерлерінің алдыңғы тоқсанда алған табыстары туралы мәліметтері, екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар үйімда жеке шотының нөмірі, шаруашылық жүргізу құқындағы "Ақсу орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны дәрігерлік-кеңес комиссиясының анықтамасы негізінде 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

5-3) 8-тармақтың 7-3) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың (мекенжай анықтамасы), участекі комиссия берген өтініш берушінің

материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу актісі, көшірмелері, екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, өмірлік қызын жағдайың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау жөніндегі арнаулы комиссияның шешімі бойынша (өрт болған кезде) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігінің төтенше жағдайлар комитеті Павлодар облысы төтенше жағдайлар жөніндегі департаменті Ақсу қаласының төтенше жағдайлар бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің немесе (су тасқыны кезде) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігінің төтенше жағдайлар комитеті Павлодар облысы төтенше жағдайлар жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесінің қорытындысы (анықтамасы) негізінде 70 (жетпіс) АЕК дейінгі мөлшерде;

5-4) 8-тармақтың 7-4) тармақшасында және 10) тармақшасында көрсетілген жұмыссыз ретінде уәкілетті органның есебінде тұрған, табысы өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанда күн көріс минимумының бір еселік мөлшерінен аспайтын санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің, Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың (мекенжай анықтамасы) көшірмесі, материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу актісі негізінде жеке қосалқы шаруашылығын дамытуға 113 (жұз он үш) АЕК мөлшерінде.

6) Әлеуметтік көмек мерзімді (жарты жылда бір рет) көрсетіледі:

6-1) 8-тармақтың 8-3) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін білім беру қызметін көрсетуге студенттің, Ақсу қаласы әкімі мен жоғары оқу орны басшысының үш жақты келісім-шарттың негізінде, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың (мекенжай анықтамасы), екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көшірмелері негізінде білім беру қызметтерін көрсетуге нақты құнының мөлшерінде;

7) Табысты есепке ала отырып, ай сайын әлеуметтік көмек;

7-1) 8-тармақтың 7-6) тармақшада көрсетілген санаттар үшін мектепке дейінгі мекемелерге бала (балалар) баруға нақты бекітілген төлемақы мөлшерінде, екінші дәрежелі банктерде немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асыруши қажетті лицензиясы бар ұйымдарда көрсетілген өтініші, Ақсу қаласы аумағында тұрақты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы), жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, баласының (балаларының) туу туралы куәлігінің көшірмесі, өтініш берушінің мэртебесін айқындастын құжат, мектепке дейінгі мекемемен келісімшарт көшірмесін, өткен айда балабақшаға барғанының нақты төлемақысы туралы түбіртектің түпнұсқасы

және өтініш берушінің мекен жайы бойынша тіркелген адамдардың алдыңғы тоқсанда алған табыстары туралы мәліметтері негізінде.

Ескерту. 9-тармақта өзгерістер енгізілді – Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 27.02.2018 № 179/22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.08.2018 № 232/31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. 9 тармақтың 5-3) тармақшада көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнағы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

11. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың ЖАО келісімі бойынша бірынғай мөлшерде белгіленеді.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

12. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не езге де ұйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

13. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) Ақсу қаласының аумағында тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын актінің және/немесе құжатты ұсынады.

14. Әлеуметтік көмек ұсынуға қаржыландыру шығыстары Ақсу қаласының бюджетінде ағымдағы қаржы жылына көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган тағайындалған соманы алушылардың жеке шоттарына төлемдердің қаржыландыру жоспары бойынша жүргізеді.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару негіздемелері

15. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы Ақсу қаласы аумағы шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

16. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

17. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алууды уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК